

«Келісілді»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қарасу ауданының білім бөлімінің» ММ  
басқарушысы

 Д. В. Шарипов

«Бекітілді»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қарасу ауданы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин  
атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы  
білім беретін мектебі» КММ  
хаттама №1, 28 тамыз 2023 жыл  
Мектеп директоры  А. Т. Арингазина

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қарасу ауданы білім бөлімінің  
Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы  
білім беретін мектебі» КММ  
2023 -2024 оқу жылының  
жұмыс оқу жоспары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,  
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру  
қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін**

Қарасу а., 2023 ж.

## Мазмұны

1	Мектептің мектепалды даярлық сыныбы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспарына түсіндірме хат.....	3
2	Мектептегі мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) .....	4
3	Түсінік хат оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары.....	6
4	Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспары.....	13
5	Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары.....	15
6	Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары.....	17

**Мектептің мектепалды даярлық сыныбы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспарына түсіндірме хат**

Жұмыс оқу жоспары жас кезеңдері бойынша ең жоғары оқу жүктемесін белгілейді және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жасалды .

Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған және білім және ғылым министрінің м. а. бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған қызметті интеграциялау арқылы жүзеге асырылады 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 қаулысымен бекітілген.

Мектептің мектепалды сыныбы үшін нормативтік жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды.

Оқу жұмыс жоспары 28.08.2023 ж. педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді, №1 хаттама.

**Мектептегі мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту:

\*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**\*\***Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

**\*\*\***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**\*\*\*\***Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

## Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары

ҚР «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарасу ауданының білім беру бөлімінің Қарасу мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі" КММ оқыту тілінде жүргізілетін сыныптар үшін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарын әзірледі.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардағы білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 06.06.2023 жылғы № 161 бұйрығы (бұдан әрі-Стандарт), "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 толықтырулары мен өзгерістерімен) бұйрығына (бұдан әрі-үлгілік жоспарлар) сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданының білім беру бөлімінің Б.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі»КММ педагогикалық кеңестің 2023 жылғы 31 тамыздағы шешімімен № 1 хаттама келесі үлгілік жоспарларды анықтады:

### **1-4 сыныптар**

**1-қосымша** ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрық. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, жаңа редакцияда 1-қосымша - ҚР Білім және ғылым министрінің 2023.08.18 № 264 бұйрығымен.

### **5-9 сыныптар**

**6-қосымша** ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрық. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, жаңа редакцияда 6-қосымша -ҚР Білім және ғылым министрінің 2022.08.12 № 365 бұйрығымен.

### **10-11 сынып**

**86-қосымша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрық. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, жаңа редакцияда 86-қосымша–ҚР Білім және ғылым министрінің 2022.09.30 № 412 бұйрығымен.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11-сыныптарда-36 оқу аптасы.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымы инвариантты және вариативті компоненттерден, тиісті білім деңгейінің оқу жүктемесінің максималды көлемінен тұрады.

## Бастауыш білім беру

Бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компоненті алты білім беру саласын қамтиды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі: 1-сынып – 19,5 сағат, 2-сынып – 24 сағат, 3-сынып – 26 сағат, 4-сынып – 26 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылында 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап оқытылады, «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны 1,2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерімен ұсынылған.

Бастауыш білім беру стандартының 2-тарауының 25-тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: 1-3 – сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта жылдық оқу жүктемесі 10 сағатты құрайды.

Бастауыш білім беру стандарты 26-тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Вариативті компонент білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығы, білімге деген қажеттіліктерін ескере отырып дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар әзірленді және апталық жүктемесі: 1-сынып – 1 сағат, 2-сынып – 2 сағат, 3-сынып – 1 сағат, 4-сынып – 1 сағат.

Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар, 1-4-сынып

«Жас математик» 1-сыныпқа арналған, құрастырушы Сапарғалиева С.Ш., облыстық сараптама кеңесі, хаттама №2, Қарасу ауылы, 2021 ж.

**Мақсаты:** баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту, пәнге терең қызығушылығын арттыру, оқушының белсенділігін арттыру, танымдық белсенділігін арттыра оқыту.

**Күтілетін нәтиже:** стандартты емес және қызығушылық сипаттағы тапсырмалар негізінде жобалау қызметі және өмірлік жағдайлардағы мәселелерді шешу арқылы математикалық және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту.

«Тіл дамыту» 1-сыныпқа арналған, құрастырушы Досбергенова Б.Б. Куәлік № 122, Қарасу ауданы, 2017 ж.

**Мақсаты:** оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыра отырып, білімдерін жетілдіре түсуге жағдай жасау.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылардың ақыл-ойын дамытып, тілдің қасиетін түсінуге, аңғаруға жаттықтырады. Ең бастысы сабақты өту барысын оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

«Логика әлемі» 2-сыныпқа арналған, құрастырушы Г.К.Болатбаева, С.А.Рахимжанова ISBN 978-601-341-725-7, Алматы қаласы, 2020 ж.

**Мақсаты:** оқушылар логикалық есептерді шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы есептерді жылдам шешу мақсатында жеке және топтық курсы алынды.

**Күтілетін нәтиже:** оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолдана алады, топтарда жұмыс істеу алуға, қабілеттерін жетілдіру мүмкіндігіне жол ашады.

«Қоршаған орта және мен» 2-сыныпқа арналған, құрастырушы Ибраева Э.А. ISBN 978-601-336-964-8, Қостанай қаласы, 2019 ж.

**Мақсаты:** оқушыларды қоршаған дүние туралы ғылыми түсініктері қалыптасқан, табиғатқа деген қызығушылығы артқан, өзіндік жеке тәжірибе жинақтауға бейімді, білімді, жан-жақты, дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** зат, дене, құбылыс және оның қасиеттерін түсінеді; табиғатқа деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігі артқан; халық болжамдарына сүйенеді.

«Тапқырлық баспалдағы» 3-сыныпқа арналған, құрастырушы Л.А.Каримова, облыстық сараптама кеңесі ISBN 978-601-312-079-9, Қостанай қаласы, 2016 жыл.

**Мақсаты:** ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған логикалық есептердің негізін сапалы игеруде қамтамасыз ету.

**Күтілетін нәтиже:** оқушының математикалық тілі дамиды, танымдық қабілеті артады.

«Қызықты математика» 4-сыныпқа арналған, құрастырушы Базылбекова А.Б., аудандық сараптама кеңесі, куәлік №121, Қарасу ауылы., 2017 жыл.

**Мақсаты:** қазақтың ескі өлшемдерінің түрлері жайлы мағлұмат бере отырып, мағынасын ашу. Қазіргі заманда ескі өлшемдердің пайдалылығын, маңыздылығын дәлелдеп көрсету мақсатында алынды.

**Күтілетін нәтиже:** жобада анықталған зерттеулер мен жинақтар математикадан қосымша сабақтарда кеңінен қолданылса, оқушыларды логикалық ой-өрістері кеңінен дамыған, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеленген тұлға қалыптасады.

### **Негізгі орта білім**

Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компоненті алты білім беру саласын қамтиды: «Тіл және әдебиет»,



«Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» және инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын апталық оқу жүктемесі: 5-сыныпта-28,5 сағат, 6-сыныпта-28,5 сағат, 7-сыныпта-31,5 сағат, 8-сыныпта-32,5 сағат, 9-сыныпта-34 сағат.

Вариативті компоненттің 5-9-сыныптардағы сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бағытталған. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 6-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 7-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 8-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

**5-9 сыныптардың «Жаһандық құзыреттер» курсы** білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Курстың мақсаты:** Жаһандық азаматтық құзыреттілікке не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттілік» курсының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

5-8 сыныптарда курс бес юнитті қамтиды: «парасаттылық және этика», «азаматтылық және патриотизм», «медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық», «өмір қауіпсіздігі», «экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті қосымша енгізілді.

**Күтілетін нәтиже:**

- 1) оқушылар қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлерімен танысады;
- 2) білім алушылардың жергілікті, аймақтық, ұлттық, жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын аналитикалық бағалау түсінігін дамыту;
- 3) мазмұнды және шығармашылық оқу дағдыларын қалыптастыру.

Негізгі орта білім беру стандарты 38-тармағына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Негізгі орта білім беру стандарты 56-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

## Жалпы орта білім

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының инвариантты компонентіне 16 оқу пәні кіреді: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері бойынша аптасына 10-сыныпта 32 сағат, 11-сыныпта 32 сағатты құрайды.

Оқу жүктемесінің вариативтік компонентін білім беру ұйымы білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес айқындайды. Вариативті компоненттің сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсы және элективті курсына оқуға бағытталған. Оқу курсының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» атты екі юниттен тұрады:

- 10 сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат;
- 11 сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

**10,11-сыныптағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы** білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация дағдыларын, жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу және талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

**Курстың мақсаты:** білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- білім алушылардың сыни және аналитикалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;
- өзіндік мәдени бірегейлікті сезіну және әлемнің мәдени сан алуандығын, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну біліктерін дамыту;
- сандық ресурстармен, электрондық оқыту платформаларымен, интернетпен және веб-сайттармен жұмыс істей білу;
- білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру;
- кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту;

- кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту;
- білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу.

Элективті курс бойынша 10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат, 11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат.

**«Мәдениет географиясы»** 10-сыныпқа арналған, құрастырушы Сатыбалдинова А.У. 2021 жылғы 1 сәуірдегі Облыстық оқу-әдістемелік кеңесінің № 2 хаттамасы. Алматы қаласы, 2021 ж.

**Мақсаты:** оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді географиялық білім негізінде шеше алу және географиялық білімді өздігінен меңгере отырып, оны қоғамдық, саяси, мәдени және күнделікті өмірге қолдана білу дағдыларын меңгерту.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар географиялық мәдениеті мен білімін жетілдіріп, түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуге, курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттауды, мамандыққа бағдар алуды үйреніп, әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамыта алады.

**«Қазақстанның өсімдіктер әлемі және тіршілік ету үрдістерін қарапайым математикалық модельдеу»** 10-сыныпқа арналған, құрастырушы Өміржанова С.Е., 2013 жылғы 29 мамырындағы «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы жанындағы Облыстық Эксперттік Кеңесінің шешімі, Серия АА № 057

**Мақсаты:** Қазақстандағы кездесетін өсімдіктердің түрлерімен таныстыру, құрылыс ерекшеліктерін қарастыра отырып қарапайым математикалық модельдеу әдістерін үйрету.

**Күтілетін нәтиже:** Қазақстан флорасының жан-жақтылығы мен әртүрлілігін, басқа елдерде жабайы өсімдіктер ретінде кездеспейтін еліміздің эндемик өсімдіктері жайлы ақпарат үйрету.

**«Генетика және селекция негіздері»** 11-сыныпқа арналған, құрастырушы Бушенеева К.Б. ISBN 978-601-312-278-6 Қостанай қ. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ.– Наурызым ауданы, 2017 ж.

**Мақсаты:** генетика ғылымының негізгі заңдылықтарын оқыта отырып, оқушылардың өздік білімдерін кеңейтіп, теориялық білімді практикада қолдануға, яғни генетикалық есептерді шешу жолдарын қарастыру. Селекция ғылымы мен генетика ғылымының арасындағы байланысты оқып-үйрену.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар өз жобаларымен ғылыми-практикалық конференциялар мен сайыстарға қатыса алады. Әр оқушы өз материалын өздігімен зерттеу, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу, жұмыстың сан алуан түрлерін жүргізуге қабілетті болады.

**«Оқу сауаттылығы»** 11-сыныпқа арналған элективті курс, құрастырушы Айтбаева А.Е., Қостанай облысы әкімдігінің білім

басқармасының «Қарасу ауданы білім беру бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, апробациядан 2023 -2024 о.ж. өтеді.

**Мақсаты:**оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу, кез-келген мәтіннің мән-маңызы мен өзіндік ерекшеліктері, көркемдік сипатын танытып, оқушы бойында сананы қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**оқушының танымдық көкжиегі кеңейеді, оқылым, тыңдалым, жазылым арқылы шығармашылық белсенділігі артады, жаңа лексико-грамматикалық тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі жалпы орта білім беру стандартының нормаларына сәйкес келеді және мыналарды құрайды: аптасына 10–сыныпта-35 сағат, 11-сыныпта -35 сағат.

Жалпы орта білім беру стандартының 50-тармағына сәйкес "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының шеңберінде 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушыларымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Оқу жұмыс жоспары 28.08.2023 ж. педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді, №1 хаттама.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		1 «А»	1 «Ә»	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>9</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>43</b>	<b>1536</b>
1	Әліппе, Ана тілі	6	6	-	-	-	12	420
2	Қазақ тілі	-	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі	-	-	2	2	2	6	216
5	Шетел тілі	-	-	-	2	2	4	144
	<b>Математика және информатика</b>	<b>4,5</b>	<b>4,5</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>26</b>	<b>927</b>
6	Математика	4	4	4	5	5	22	784
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	0,5	1	1	1	4	143
	<b>Жаратылыстану</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>7</b>	<b>250</b>
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	2	7	250
	<b>Адам және қоғам</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>5</b>	<b>178</b>
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	5	178
	<b>Технология және өнер</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>13</b>	<b>462</b>
10	Музыка	1	1	1	1	1	5	178
11	Көркем еңбек	-	-	-	1	1	2	72
12	Еңбекке баулу	1	1	1	-	-	3	106
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	-	-	3	106
	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>15</b>	<b>534</b>
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	534
	<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>	<b>18,5</b>	<b>18,5</b>	<b>22</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>109</b>	<b>3887</b>
<b>Вариативтік компонент</b>								
	<b>Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>6</b>	<b>214</b>
	«Жас математик»	1	-	-	-	-	1	35
	«Тіл дамыту»	-	1	-	-	-	1	35
	«Логика әлемі»	-	-	1	-	-	1	36

«Қоршаған орта және мен»	-	-	1	-	-	1	36
«Тапқырлық баспалдағы»	-	-	-	1	-	1	36
«Қызықты математика»	-	-	-	-	1	1	36
Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	2	1	1	6	214
<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>	<b>19,5</b>	<b>19,5</b>	<b>24</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>115</b>	<b>4101</b>

*Handwritten signature*

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта  
білім берудің жұмыс оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат		
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>55</b>	<b>1980</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540
	<b>Математика және информатика</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>30</b>	<b>1080</b>
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180
	<b>Жаратылыстану</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>27</b>	<b>972</b>
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216
	<b>Адам және қоғам</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>21</b>	<b>576</b>
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36
	<b>Технология және өнер</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>9</b>	<b>306</b>
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	72
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252

	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>28</b>	<b>28</b>	<b>31</b>	<b>32</b>	<b>33</b>	<b>152</b>	<b>5472</b>
<b>Вариативтік компонент</b>								
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	-
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>		<b>28,5</b>	<b>28,5</b>	<b>31,5</b>	<b>32,5</b>	<b>34</b>	<b>155</b>	<b>5580</b>
<b>Сыныптарды топтарға бөлу</b>								
Көркем еңбек		2	2	1	1	1	7	252

*Аманжол*  
*Аманжол*



**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>32</b>	<b>32</b>	<b>64</b>	<b>2304</b>
<b>Вариативтік компонент</b>					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		2	2	4	144
«Мәдениет географиясы»		1	-	1	36
«Қазақстанның өсімдіктер әлемі және тіршілік ету үрдістерін қарапайым математикалық модельдеу»		1	-	1	36
«Генетика және селекция негіздері»		-	1	1	36
«Оқу сауаттылығы»		-	1	1	36
<b>Вариативтік оқу жүктемесі</b>		<b>3</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>216</b>
<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>		<b>35</b>	<b>35</b>	<b>70</b>	<b>2520</b>

